

«№5 «Аққу» бөбекжай- бақшасы» КМҚК

Білім беру саласы: «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Математика негіздері.

Тақырыбы: «Бекіту»

Өткізген: Турдалиева Г.С.

Мектепалды даярлық №1 «Ақжелкен» тобының тәрбиешісі

Атырау қаласы-2022 ж.

Тақырыбы: « Бекіту»

Мақсаты:

Балаларға уақыт арасындағы қатынас туралы түсінік бере отырып, тәулік бөліктері, апта күндері, жыл айлары туралы білім бекіту. Реттік тура-кері санау, цифрларды ажырату білімін қайталау, қосу және алу амалдарын шешуді, кеңістікте бағыттала білу шамасын анықтау. Логикалық ойлауларын және зейіндерін дамыту, геометриялық денелер атауларын қайталау және пішіндегі заттарды таба білу дағдыларын арттыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауап, ойын, логикалық есеп.

Қажетті құрал – жабдықтар: сандар, пішіндердің суреттері, таяқшалар, доп.

«Керісінше» ойыны кеңістікте бағдарлауға үйрету, логикалық ойлауын дамыту. Допты қолдану арқылы балаларға алыс – жақын, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, аз – көп қарама – қарсы сөздерді атауды ұсынады.

Бүгін аптаның қай күні? Балалардың жауабы .

Кеше аптаның қандай күні? Балалардың жауабы .

Ертең аптаның қандай күні болады? Балалардың жауабы .

Аптада неше күн бар? Балалардың жауабы .

Аптада жұмыс күні нешеу? Балалардың жауабы .

Аптаның қай күндері біз демаламыз? Балалардың жауабы .

Қазір жыл мезгілі қандай? Көктем.

Көктемнің алдында қандай жыл мезгілі өтті? Қыс.

Көктемнен кейін қандай жыл мезгілі келеді? Жаз.

Жыл мезгілі нешеу? Қыс, көкте, жаз, күз.

Көктем мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады? Күн жылынды, қар еріді, жаңбыр жиі жауады, құстар жылы жақтан ұшып келді. Балалар, күн келді. Ол бізді жылытады. Қарандаршы, күнге не жетіспейді? Күннің шуақтары. Күн бізден көмек сұрайды, ол үшін біз тапсырмаларды орындауымыз керек.

№ 1 тапсырма. «Таяқшалармен жұмыс»

- Үш бұрышы, үш қыры бар геометриялық пішінді құрастыр. Таяқшалардан үшбұрыш құрастырды. – Қырлары бірдей пішінді құрастыр.

Таяқшалардан шаршы құрастырады. - Екі

ұзын қыры бар, екі қысқа қыры бар геометриялық пішінді құрастыр.

Таяқшалардан тіктөртбұрышты құрастырады.

– Он таяқшалардан үш шаршы құрастыр. Тапсырма орындалды, күннің сәулесін қояды.

№2 тапсырма. Тура және кері санау, қасындағы көршісін атау. Тапсырма орындалып, күннің тағы бір сәулесін қояды.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Сағат жүреді, тық – тық, тық - тық (оңға – солға иіледі)

Сағат тілдері жүреді, тық – тық, тық - тық (қолдарын алға созып төмен – жоғары қозғайды)

Үйшіктен көкек шығып ку – ку, ку

- ку деп ән салады. (басын алға созады)

Көкек үйшікке кіреді. ((отырып - тұрып, қолдарын төбесіне үшбұрыштап ұстайды)

Сағат тілдері бір – біріне кедергі

жасамай дөңгеленіп жүреді. (қол белде денесін шеңбермен қозғайды).

№3тапсырма. Мысалдарды шығару. Дәптермен жұмыс. Қосу және алу амалдарын шешу, жауаптарына суретін салу, таңбаларды жазу. Тапсырма орындалып, күннің тағы бір сәулесін қояды.

№4 тапсырма. «Орнын тап» Қағаз бетіне сол жақ жоғары бұрышқа, оң жақ төменгі бұрышқа, сол жақ төменгі бұрышқа, оң жақ жоғарғы бұрышқа, ортасына геометриялық пішіннің суретін салу. Тапсырма орындалып, күннің тағы бір сәулесін қояды.

Қортындысын айтып, балалар мадақталады, Қызыл және көк түстермен балалар өздеріне жасаған жұмыстарының ұнағанын немесе қиналғанын көрсетеді.